

Директорлар кенешінің
2 мамыр 2021 жылғы
ЕКІГІЛДІ

қ университеті»
төрағасы-Ректор
қы төлеу және с
ы ереже

1



1. Жалпы ережелер

1. «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы-Ректоры, Басқарма мүшелері мен бас бухгалтерге еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттары туралы осы ереже (әрі қарай – Ереже) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы негізінде және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1183 Қаулысымен бекітілген Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық компаниялардың, акционерлік қоғамдардың басшы жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттары туралы үлгілік ережелеріне сәйкес, акционерлік қоғамның басқарушы қызметкерлері мен бас бухгалтеріне еңбекақы төлеу және ынталандыру мәселелерінде бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

2. Осы Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) еңбекақы төлеу – 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай-ақ келісімдерге, еңбек, ұжымдық шарттарға, жұмыс берушінің актілеріне және осы Үлгілік ережеге сәйкес жұмыскерге еңбегі үшін берілетін сыйақының міндетті төлемін жұмыс берушінің қамтамасыз етуіне байланысты қатынастар жүйесі;

2) лауазымдық жалақы – қызметкердің біліктілігін, орындалатын жұмыстың күрделілігін, санын, сапасы мен жағдайын ескере отырып, еңбек нормаларын (еңбек міндеттерін) орындағаны үшін айына жұмыскердің еңбегіне ақы төлеудің тіркелген мөлшері;

3) жылдық сыйақы – қол жеткізілген табыстарды материалдық көтермелеу және жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында жұмыс нәтижелеріне байланысты ұйымның басшы жұмыскерлеріне бір жылғы жұмыстың қорытындылары бойынша жылына бір рет төленетін сыйақы. Жылдық сыйақы тұрақты сипатта болмайды.

3. Қоғамның басқарушы қызметкерлеріне:

1) Басқарма төрағасы-Ректор;

2) Басқарма мүшелері жатады.

4. Қоғамның басқарушы қызметкерлері мен бас бухгалтеріне еңбекақы төлеу мен сыйақы беру Қоғамның ағымдағы қаржылық жылына арналған Даму жоспарында еңбекақы төлеуге көзделген қаражат есебінен жүргізіледі.

5. Қоғамның басқарушы қызметкерлері мен бас бухгалтерінің айлық лауазымдық жалақысының мөлшері, жылдық сыйақы алуға құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жасалатын еңбек шартында айқындалады.

2. Басқарушы қызметкерлерге еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттары

6. Қоғамның басқарушы қызметкерлерінің айлық лауазымдық жалақы мөлшерін Директорлар кеңесі айқындайды.

7. Қоғамның басқарушы қызметкерлерінің өндірістің тиімділігі мен жұмыс сапасын арттыруға мүдделілігін күшейту үшін жылдық сыйақы төлеу жүргізіледі.

8. Қоғамның басқарушы қызметкерлерінің жылдық сыйақы мөлшері олардың қызметін бағалаудың жеке тәсілі негізінде айқындалады және Даму жоспары орындалуының сапалық және сандық көрсеткіштеріне байланысты болады.

9. Қоғамның басқарушы қызметкерлеріне жылдық сыйақылар аудиттелген қаржылық есептілік негізінде Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін қаржы жылының нәтижелері бойынша төленеді.

10. Басқарушы қызметкерлердің орташа еңбекақысын есептеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жылдық сыйақыны ескермей жүргізіледі.

3. Әлеуметтік қолдау, кепілдіктер және өтемақы төлеу

11. Материалдық көмек көрсету Қоғамның Даму жоспарында қарастырылған қаражат есебінен жүргізіледі.

12. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілген кезде Басқарма мүшелеріне 1 (бір) айлық лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтандыруға материалдық көмек төленеді.

13. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген сынақ мерзімі кезінде Басқарма мүшелеріне жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде сауықтандыруға материалдық көмек төленбейді.

14. Материалдық көмек Басқарма мүшелеріне ЕҰУ КеАҚ қаражаты есебінен белгіленген тәртіпте келесі жағдайларда төленеді:

1) қайтыс болуына байланысты: қызметкер – отбасы мүшелерінің біріне немесе ондай болмаған жағдайда жерлеу рәсімін ұйымдастыруды мойнына алған тұлғаға бір реттік төлеу арқылы 100 АЕК-ден артық емес мөлшерде; қызметкердің жолдасы/балалары, ата-анасы – 50 АЕК-ден артық емес мөлшерде;

2) қызметкердің немесе оның отбасы мүшелері болып табылатын тұлғалардың емделуіне/ота жасалуына байланысты (негіздеме: ауру тарихынан көшірме, емдеуші дәрігердің қорытындысы, шығындарды растайтын құжаттар) - 50 АЕК-ден артық емес мөлшерде.

15. Басқарма мүшелеріне материалдық көмек көрсету растау құжаттары қоса берілген өтініші негізінде жүзеге асырылады.

4. Бас бухгалтерге еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттары

16. Қоғамның бас бухгалтерінің айлық лауазымдық жалақысының мөлшерін Директорлар кеңес анықтайды.

17. Еңбекақы төлеу қорының қаражатын үнемдеу есебінен Қазақстан Республикасындағы ұлттық, мемлекеттік және кәсіби мерекелерге орай Қоғамның бас бухгалтеріне осы жағдайда жалақысы бас бухгалтердің лауазымдық жалақысына сайма-сай Қоғам қызметкеріне берілетін сыйақы



төлемінің мөлшеріне сәйкес мөлшерде сыйақы беруге рұқсат етіледі. Тиісті сыйақыны беру Басқарма төрағасы-Ректордың, немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

18. Бас бухгалтердің орташа еңбекақысын есептеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жылдық сыйақыны ескермей жүргізіледі.

5. Әлеуметтік қолдау, кепілдіктер және өтемақы төлеу

19. Жылсайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде бас бухгалтерге 1 (бір) айлық лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтандыруға материалдық көмек төленеді.

20. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген сынақ мерзімі кезінде бас бухгалтерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде сауықтандыруға материалдық көмек төленбейді.

21. Бас бухгалтерге материалдық көмек Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіпте және мөлшерде Қоғам қаражаты есебінен төленеді.

6. Басқа шарттар

22. Басқарушы қызметкер гранттық және/немесе бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын іске асыруға қатысқан жағдайда аталған жобалар бойынша еңбекақы төлеу қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес жеке жүзеге асырылады.

23. Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

24. Осы Ережеде реттелмеген мәселелердің бәрінде Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алу қажет.